

Күлдән Мұқанқызы

1 2016

2091<sup>н</sup>



# ӘМІР ІЗДЕРІ





**Мұқан қызы Құлдән**  
**01.04.1928 – 06.03.2015**

11 2016/2091 к

# КҮЛДӨН МҰҚАНҚЫЗЫ

## Өмір іздері

Алматы  
Теларна  
2015

05408600

ӘОЖ821.512.122 - 34

КБЖ84 (5Қаз)

К93

Күрастырып, баспаға дайындаған Мұқанова Бақыт  
Нұрқашқызы.

К93 Күлдән Мұқанқызы. Өмір іздері. Естеліктер мен  
өлеңдер. Алматы: Теларна. 2015. – 128 бет.

ISBN 978-601-80551-2-6

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін халқымыз өзінің бұрынғы  
рухани қайнарларына жаппай бет бүрді. Көптеген мешіттер салы-  
нып, имандылықты насиҳаттау белен алды. Ескінің көзін көрген  
қариялар жастарға жол көрсетіп, діни құндылықтарды үйренуге  
шакырды. Солардың бірі – Күлдән Мұқанқызы еді.

Бұл кітапқа автордың имандылық туралы жазылған жырлары  
топтастырылған. Кітаптың тілі жеңіл, көпшілік қауымға арналған.

ӘОЖ821.512.122

КБЖ84 (5Қаз)

ISBN 978-601-80551-2-6

© Күлдән Мұқанқызы, 2015

## АЛҒЫ СӨЗ

*Жаман да болса жазып қалдыр.  
Әбу Насыр Әл-Фараби*

*Әлемнің жарығын  
Сыйладың сен маган,  
Далаңың әр гүлін  
Жинадың сен маган.  
Ғафу Қайырбеков*

Аса қамқор, құдіретті қүшті Аллаһтың атымен бастаймын.

Ана! Осы үш әріптен тұратын сөздің астарында ұшан-теңіз ой жатыр. Ана – қасиетті де киелі есім.

Ана – өмірге келген әрбір адам баласы үшін ең жақын, ең ыстық, мағыналы да қастерлі сөз. Ана дегенде толқымайтын жүрек, толғанбайтын жан жоқ. Адам баласы алғаш рет дүние есігін ашқанда ананың ақ сүтімен бойына нәр алады, ананың құшағына еніп мейіріміне бөленеді. Адамның аузынан шығатын ең алғашқы сөзі – ана. Алдыңа қойған мақсатыңа жетуің үшін ана жанын қиюға да дайын. Ана баласының жақсы азамат, өмірде өз орнын таба білуіне бар күшін салып, тер төгеді. Ананың махаббатына, құдіретіне тамсанбаған, жазбаған жазушы,

жырламаған ақын жок. Баласы үшін отқа да күйіп, суға да тұсетін абзал жан. Ана бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді. Дүниенің нұры, өмірдің гүлі; қызықтың қызығы ананың қолында. «Жұмақ ананың аяғының астында» дейді.

Кезінде Пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) біреу келіп: «Жақсылықты бірінші кімге жасауым керек? - деп сұрағанда, – алдымен анаға, тағы да анаға және анаға», -деген екен.

Ана жайлыш ойынды айтып бітіру мүмкін емес. Әркімнің өз аласына деген махаббаты шексіз... Мен де анамның маған сыйлаған өмірі үшін шексіз алғысымды айта отырып, өз ойымды аз да болса жеткізіп жазғым келеді.

*Айналайын анашым,  
Әлпештеген баласын,  
Еміп өскен бөбекпін  
Анашымның мамасын.*

Анам Күлдән, әкесі – Сақари ұлы Мұқан, шешесі – Сәрсенбек қызы Сақыпжамал, 1928 жылы қараша айында Семей облысы, Ақсуат өніріндегі Құлжабас деген жерде дүниеге келген.

Анадан да әкеден де жалғыз перзент. Аласы Сақыпжамал қария Мәмбетқұл (Қыржыдан)

тараған қыз, 85 жасында дүниеден озды, Аяқөз қаласында жерленген.

Әкесі Мәмбетқұлдан (Қыржыдан) тараған Жандос, Жандостан – Досқана, Досқанадан – Әулие Ырғызбай, Өтебай. Өтебайдан тараған – Азамат. Азаматтың зираты – Кіндікті өзенінің бойында Кенжалы деген бидің зиратының қасында 4 құлақты үлкен зират. Өзінің сұрауы бойынша сол жерде жерленген. Азаматтан Үкіжан туады. Үкіжаннан Сақари, Сақаридан – Мұқан; Мұқаннан – Құлдән анам. Әкесінің әкесі бай, өте әлді болған дейді.

Мұқан ата Ұлы Отан соғысына қатысып, жарапланып елге бір аяғымен оралған. Алпысты алқымдаған шағында өмірден өтті. Сол Ақсусат өнірінде жерленген.

Анам ел арасында болған алай-дүлей ашаршылықты бастан өткізіп, одан бүкіл елге келген қасірет Ұлы Отан соғысы басталған уақытта небәрі желпілдеп енді ғана өсіп келе жатқан он төрт-он бес жастағы қыз еді, кезінде трудовая армия деп атаған – елдегі бас көтеретін ер-азаматтармен қатар жүріп Монголия елінен Қазақстанға – Ноғайсібір (Новосибирск) арқылы отар-отар мал айдалап келген. Одан әрі Рудник қаласында шахтада жұмыс істеп, кейінде атақты Түрксіб-темір жолын салуда зор еңбек сіңірген.

Соғыс біткен соң әлсіреп, есеңгіреген елді қалпына келтіру жұмысына белсene араласып, аянбай еңбек етті. Еңбектері бағаланып «Еңбек озаттары» тақтасында суреті ілініп, мақтау қағаздарымен алғыстармен марапатталды. Ашаршылықты, соғысты, жетім-жесірлікті, өмірдің қылыштырылғанын сүреттерін, ашысын, ауыр тауқыметтерді көп көрді. Өмірінде үш ұл, төрт қызы – барлығы жеті құрсақ көтерді, бір ұл баласы жасқа толмай шетінеп кетті. Тағы да өкінішке орай, үлкен азамат болған екі ұлы мен бір қызы өмірден ерте озды.

Алматы шаһарында тұрғанына 30 жылдан астам уақыт болды. Жаратқанның мейірімімен 1990 жылы сәждегебасын қойды. Мұсылманның бес парызының бірі – қасиетті Мекке-Мәдинаға қажылыққа бару 2005 жылы бұйырды, қажы – апа атанды.

Жүрген жерінде ислам дінін насиҳаттап, жақсы мағыналы тәрбиелік сөздерін, уағыздарын айтып отыратын. Әсіресе, жастарға деген ықыласы зор болды, олар елдің болашағы, еліміздің жеріміздің иелері солар деп отыратын.

Ел жүрткына, жиналған қауымға батасын жаудыратын, сөз шешендігіне халқы ризашылығын білдіріп алғыстарын айтатын.

Үнемі үлкен қажылар, қари қажылармен, имамдармен араласып, дәмдес болды.

Ұлы Отан соғысының еңбек ардагері деп бірнеше мәрте медальдармен, ел басының мақтау қағаздарымен және көп балалы Ана ретінде бірінші, екінші дәрежедегі ана медальдарымен марапатталды.

Бірнеше рет жазған өлеңдері кітап болып жарыққа шықты. Сонымен қатар, Қазақстан, Хабар, Асыл арна телеарналары бағдарламаларына шақырылып түрлі тақырыптарда сұқбаттар берді.

Бүгінгі күні өмірге әкелген ұрапақтарының барлығы үйлі-баrandы, қоғамның белсенді азаматтары.

Өмір зандылығы, ештеңе де мәңгілік емес дегендей, анамыз 2015 жылдың алтыншы наурыз – қасиетті жұма күні ақырғы демі бітіп, жер ананың құшағына енді, мәңгілік мекенінен орын алды.

*Жетелеп ұшты-ау алға арман,  
Кеудемде сағыныш күй алған.  
Өмір бар жерде өлім бар,  
Анам да кетті-ау бұл жалғаннан.*

Қайран анам, жаның жәннатта, топырағың жеңіл болсын.

Жатқан жерің жарық болсын. Аллаһым ақырет бақытын бұйырта көрсін!

*Мұқанова Бақыт Нұрқашқызы.*

## **ҰРПАҚ ТАРАТУ**

*Сақариұлы Мұқан – Мұқан қызы Күлдәннан  
тараган ұрпақтар:*

**Рысалды 04.04.1950 ж.**

**Мұхаметкәрім ұлы**  
**Мұрат 28.09.1970ж.**

**Мұхаметкәрім қызы**  
**Гүлмира 01.06.1972ж.**

Мұраттан:  
- Алса 10.01.1997ж.  
- Ұлболсын 30.06.1999ж.  
- Аниса 20.02.2012ж.  
- Еламан 14.01.2014ж.

Гүлмирадан:  
- Жанар 18.07.1991ж.  
- Мирас 19.06.2002ж.

### **Серік 05.05.1952 – 28.07.1998**

**Серік қызы**  
**Гулжазира**  
**20.12.1974ж.**

**Серік ұлы**  
**Айдарғазы**  
**27.08.1976ж.**

Гүлжазирадан  
- Айнур 18.01.1999ж.  
- Назерке 28.11.2008ж.  
- Аяулым 08.08.2011ж.

**Серік ұлы**  
**Қазбек 22.11.1982ж.**

**Серік қызы**  
**Жансая 12.02.1984ж.**

Қазбектен:  
- Дінмұхамбет  
06.01.2005ж.  
- Даuletхан  
25.11.2008ж  
- Дильназ 07.03.2014ж.

Жансаядан:  
- Адильхан  
18.07.2005ж  
- Алуа  
11.06.2010ж

**Серік қызы**  
**Мөлдір 24.04.1985ж**

**Серік ұлы**  
**Әміре 06.08.1989ж.**

**Бақыт** 05.06.1955ж.

**Шопан ұлы**  
**Айдын 27.08.1980ж.**

**Шопан ұлы**  
**Саят 17.06.1983ж.**

Айдыннан:

Саяттан:

- Асқар 27.03.2008ж.  
- Серік 05.03.2010ж.

- Калима 20.06.2013ж.

### **Серікқазы 21.05.1961 – 20.01.1995**

**Серікқазы қызы**  
**Ақшағала 20.01.1988ж.**

**Серікқазы қызы**  
**Арай 06.08.1989ж.**

Ақшағаладан:

Арайдан:

- Әлима 08.07.2010ж.  
- Іңкәр 16.03. 2010ж.  
- Сұнқар 17.02.2012ж.

**Серікқазы қызы**  
Мерей 07.12.1990ж.  
-Бекарыс 14.05.2014ж.

**Бірлікгүл 19.12.1963 – 20.01.2010**

**Марат ұлы**  
**Күлжатай** 18.07.1983ж.      **Марат ұлы**  
**Алмас** 19.04.1985ж.


Күлжатайдан:  
- Айлин 21.06.2012ж.      Алмастан:  
- Томирис 07.04.2008ж.

**Бақытқүл 13.10.1967ж**

**Мұрат қызы**  
**Назира** 23.10.1989ж.      **Мұрат қызы**  
**Назым** 26.09.1992ж.

**Барлығы – жеті перзент,**  
- он жеті немере,  
- жиырма үш шөбере.

# **Асыл ана жолымен**



## Аллаһқа мадақ

*Күллі мадақ пен мақтау  
барша ғаламды жаратқан  
Аллаh Тағалаға тән!*

«Аллаһтан басқа Тәнір жоқ,  
Мұхаммед – оның елшісі».  
Құлыңың иман, сабыр тек –  
Өзіннен күтер еншісі.

Құранды ілдім төріме,  
Қорғаным қылыш сүресін.  
Сынақты сәттің бәрінде  
Сақтаушым, Аллаh, бір өзің!

Қамқор боп, мың сан пәледен,  
Пенденді талай қақтың да:  
Жаратқан ием және мен  
Оңаша қалған шақ куә.

Жалғызың! Сенің жоқ теңің!  
Серіксіз. Мұңсыз һәм Мықты!  
Бағынған сонау көкте Күн –  
Бар мактау саған лайықты!

Жанда жоқ сендік мейірім –  
Тіл жетпес ғажап Құдірет...

Түссінші бір рет рахымың,  
Ағаттық етсем мың рет.

Қын да қыстау кезімнің  
Сенері – жалғыз сен ғана!  
Махаббат деген сезімнің  
Ең ғаламаты – Аллаға!

Тағдырға жалғыз Иесің –  
Тамыры сендік Жазуда!  
Сен менің жүргегімдесің,  
Мен – Сенің Алаканында!

Жанаргұл Қадірова



## **Мұхаммед – Алланың елшісі**

Жазалайтын кәпірді мәңгі отымен,  
Қуантатын мүмінді жәннатымен,  
Жаратқанға сыйынып құзыры кен,  
Бастадым Рахман, Рахим Аллаһ атымен!!!

Әлемдердің Раббысы Рахман Аллаһ,  
Жалғыз сөзі лайық мақтағанға.  
Сәлем менен салауат – Расулуллаһ,  
Саллаллаһу ғалейхи уә сәлләмға!

Бізге сынақ еткен соң фәниді Аллаһ,  
Адамзаттың бақыты – ар-иманда.  
Өмір мәні – жүрекпен сеніп тұрып,  
Тілмен айтқан күәлік кәлимаңда.

«Лә иләһе илләллаһ» - тоқ етері,  
Мұның мәнін ұққанға не жетеді?  
Бұл – құлшылық жасауға лайықты,  
Алладан басқа Тәңір жоқ екені.

Сені Хаққа осы сөз сыйлы етеді,  
Барлық жалған тәнірді күйретеді.  
Ал «Мұхаммед расулуұы» - құлшылықты  
Қалай жасау керегін үйретеді.

Пайғамбарша орында парызыңды,  
Қайтаруға асық бол қарызыңды.  
Адамзаттың Мұхаммед – асыл тәжі,  
Сондықтан да әлемге нағыз үлгі.

Қияметте батыстан шығар күнді,  
Ұмытпастан ұлықта Раббыңды.  
Тура жолды көрсету үшін Расул  
Өзін өзі тірі жүрген Құран қылды.

Мұхаммедше адал боп аманатқа,  
Мінезіңмен үлгі бол жамағатқа.  
Мейіріміне Аллаhtың бөлекесің,  
Қарыныңды тойдырсаң қанағатқа.

Мұхамедше көмек бер өтінгенге,  
Мұхамедше желек бол жетімдерге.  
Саған тиер сауапты әр амалы,  
Ертең өсіп сол жетім жетілгенде.

Мұхамедше сабыр ет жоқшылыққа,  
Мұхамедше шүкір ет тоқшылықта.  
О дүниенің ойлай бер от азабын,  
Бұл өмірде төзбесең от, суыққа.

Мұхамедше жұмсақ бол жұбайыңа,  
Мұхамедше жалбарын Құдайыңа.

Сонда ғана жәннатта қауышасың,  
Аллаһтың мінсіз, кемел шырайына.

Махаббатта адаспай ақылымнан,  
Иә, Рabbым, қалмайын Расулыңнан.  
Қаһарыңнан қаншалық қорықсам да,  
Үміт етем соншалық Рахымыңнан.

Бағытталып Аллаға бар игіміз,  
Үлгі етеміз әр істе Нәбиді біз.  
Кияметтің күнінде «ұмбетім» деп,  
Шапағатшы болса екен хабибіміз!!!

*Имашев Балғынбек*



## **Саған болсын бар жақсылық**

Жұпарың жүргімді қозғап кетті,  
Қыс тірлік қапелімде жаз боп кетті.  
Шапағатың шертті ме саз боп шекті,  
Я, Мұхаммед, саған болсын бар жақсылық.

Парасат, сұлу келбет, сенде қандай,  
Кәусарыңа жете алмай, шөл де қанбай.  
Ұшайың, дүние деген шерде қалмай,  
Я, Мұхаммед, саған болсын бар жақсылық.

Періштелер айналған құжырында,  
Мединеңе жете алмай қызығам да.  
Алматының батады сызы жанға,  
Я, Мұхаммед, саған болсын бар жақсылық.

*Гүлнар Шамишева*



## **Қазақ халқының Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар жайлы жыр жолдары**

Рахымды Ием пайғамбарды жіберді,  
Кісі ізгісі, ел сарасы жігерлі.  
Түнек түнде шамы болды халықтың,  
Саған, жұртқа нұрын шашты ол жарықтың.

Ол құдайдың елшісі, ерім, білгейсін,  
Сен, содан соң, тура жолға кіргенсің!  
Елге деген рахымы ол құдайдың,  
Қылығы қош, құлқы тұзу, шырайлы.

Жібек мінез, ақылды, әппақ пейілді,  
Жаны жомарт, қолы ашық, мейірлі.  
Қара жерде, жасыл көкте әзіз-ді,  
Оған құрмет берді тәңір жаны ізгі.

Бастаулардың басы еді, ондысы,  
Болды кейін, пайғамбардың соңғысы!

***Жүсін Баласагұн***

## **Пайғамбарға шапағат**

Шапағат қылсын Пайғамбар,  
Сол кісіге үмбетпіз.  
Бір құдайдың құлымыз,  
Құдай бір болар күніміз.  
Пайғамбар сонда дергаһы,  
Таразыға тартылар,  
Күнәміздің көп азы.  
Айналар онға ісіміз,  
Айдаса сират көпірге.  
Шапағат етіп Пайғамбар,  
Болмасын тоқтау жолымыз.  
Фибрат етіп жақсылар,  
Жәннатқа әбден кірген соң.  
Шапағат етсе Пайғамбар,  
Жәннатқа неғып кірмейміз.

*Бабалар сөзі*

## Жұмадан қалма

Ақіретінді ойласаң жұмадан қалма,  
Қасиетін айт жұманың сұраған жанға.  
Құ дүниеге құл болып кетуден сені  
Құлшылық қана құтқарар мына жалғанда.

Үмітің болса, жұмақтан жұмадан қалма,  
Откінші өмір өйткені сынақ адамға.  
Намазың қорған болады ең алдыменен,  
Нәңкір мен Мұңкір қабірде сұрақ аларда.

Кіямет күні сөз таппай тұралағанда,  
Рахым күтсөң Алладан жұмадан қалма.  
Ертегі емес, ешқандай ертеңін үшін,  
Тура жол көрсетіп тұрғой Құран адамға.

Өлгенге емес, арналған тірі адамдарға,  
Құранға күмән келтіріп, күнаға барма.  
Алла алдында бәрі де жауап береді,  
Бай мен кедей де, надан мен ғұламалар да.

Жан қиналғанда су таппай сұрап аларға,  
Тозақтың қорықсаң отынан жұмадан қалма.  
Тіршілігінді өткізсөң құлшылықпенен,  
Жұмақтың нағыз төріне шығарды Алла!

Өмір мен өлім алмасқан мына заманда,  
Өлмestің тапқан дәрісін бір адам бар ма?  
Бес уақыт намазыңың қайнар бұлағы,  
Жұмадан қалма, бауырлар жұмадан қалма!

*Жұматай Оспанұлы*



## **Бақыт**

Бақытты шақ – балалық кезім екен,  
Өмір деген – мұндарға төзу ме екен?  
Жүргегіңе иманды ұялатып,  
Бақыт деген – бір Хақты сезу екен.

Алланы сүй, саған сый қайтарады,  
Сонда ғана көңілің жай табады.  
Көркем мінез танытсан – бақыттысың,  
Өмірің де гүл болып жайқалады.

Иманыңмен түсірсөң санаға шам,  
Байқалады нығметтер арада сан.  
Адамзатты сүйе біл жүргіңмен,  
Бақытыңды егер шын бағаласаң.

Тұнық сақта жүректің бұлағын сен,  
Басқа тебу бақытты – күнә, білсөң.  
Жаратқанның нәсібі бұйырады,  
Желкенінді Аллаға бұра білсөң.

Адамзатқа ойланар уақыт бүгін,  
Екі дүние бақытын татыпты кім?  
«Тәуба» деген адамдар шын бақытты,  
Мұсылманның әр күні – бақытты күн!

*Саят Қамишыгер*

## **Ақсуат**

Туған жерім – шалғайдағы Ақсуат.  
Асаяу өзен, аққан талай ақ бұлақ.  
Не деп кінә тасқа дағы өзгелер,  
Өзім үшін әлемдегі бақ, шуақ.

Туған жерім – шалғайдағы Ақсуат.  
Асаяу өзен, аққан талай ақ бұлақ.  
Қызыл-жасыл гүлге оранған сай-салада,  
Жұпар иісті жайқалатын жас құрак.

Онда дала, онда асқар тау да бар,  
Келген қонақ, көрген көз анғарар.  
Арулары қырдан қызыл гүл терсе,  
Азаматтар құз, қиядан аң қарап.

Күні өзгеден Ақсуаттың жарық тым,  
Күә болар көзбен көрсө барып кім.  
Ақын сонда, әнші, қүйші дәл сонда,  
Ол ордасы – той мен думан сауықтың.

Құнанбайдай қол басшысы қазақтың,  
Бұл өлкені деген екен: «Ғажап тым».  
Туын тігіп, қолын жиған бұл жерде,  
Туғанынша қалмақтардан азат күн.

*Нұрбек Сейілхан*

## **Ажал – Ақырет қақпасы**

Тіршілкте толған сиқыр көз алдың,  
Тану қын ібіліс кім,

Тажал кім.

Тән – макұлық,

нәпсі – бейне бақташы,

Шайтан – оттың,

иман – Хақтың жақтасы.

Жауыздығын жақсылық деп жеткізер  
Әзәзілдің арбауынан сақташы!

Ажал келсе адам түгіл жоқ болар

Асқақтаған Алатаудың ақ басы.

Дүние түгел өртенсе де Тәнірдің

Жанбайды екен сақтаған бір мақтасы.

Сиялары кеүіп қалған жазмыштың

Өзгермейді Лаухул-Махфуз тақтасы.

Ажал, ажал – өмірімнің нүктесі,

Ажал, ажал – Ақыреттің қақпасы.

\*\*\*

Бірақ пенде пайымдамас мән-жайды,

Өмір,

өлім арасын не жалғайды?!

Жарқ-жүрқ етіп қызыл-жасыл дүние

Аз күн қонақ адамзатты алдайды.

Сынақ күннің сирін ұқпас пенде көп,  
Күмарланған қызығына қанбайды.  
Жаһаннамнан қорыққанға жан қайғы.  
Жан сәулесін Жаратқанға арнайды.  
Тау мен тасқа соқса дағы маңдайды  
Тәнір жібі – тура жолды таңдайды.  
Қанағатсыз қарынбайға мал қайғы,  
Хақтың сөзін қаперіне алмайды,  
Бал-шекермен жібіткен соң таңдайды  
Ақыреттің келеріне наңбайды.  
Тағдырына иман айтпас қас надан  
Жаны күйсе Тәнірісін қарғайды.

Дәл осындай түсінікпен дүмбілез  
Күн кешеді.  
Адамға тән бұл мінез.  
Тәнір Өзі көз-құлағын ашпаса,  
Ғұмыр кешу мүмкін емес басқаша.

*Нұртай Ерназар*



## **Тұыстарға**

Ей, агайын, не жетпейді,  
Ойландаршы біздерге,  
Қарандаршы, ата-бабам  
Салып кеткен іздерге.  
Болмашы бір сөздер үшін  
Көріспейсің, келмейсің.  
Жер бетіне қонақпаз ғой,  
Неге бір мән бермейсің.  
Тағдыр саған өлшеп берген  
Аз мерзімді ұқсатып,  
Тіршілікте өтейік те,  
Жақсылықпен ұштасып.  
Бір-біріңе туыс болып,  
Аға болып, бас болып,  
Жүрсендерші, не табасың,  
Отырганда қас болып.  
Айтындаршы не жетпейді,  
Мынау жақсы заманда,  
Осы уақыт келіспейтін,  
Көріспейтін, заман ба?  
Әсіресе ұлғайғанда,  
Туыс керек адамға,  
Туыс болып, өтейік те,  
Бұл өмірден әманда.

***Мелия Божсанов***

## **Жаны жайсаң жан еді**

Аса қамқор, құдіреті күшті Аллаһтың атымен бастаймын. Аллаһтың рахымы болсын анамызға!

Күлдән апа біздің орталық мешіттің ең бір салиқалы, өнегелі жамағаттарының бірі болатын. Әр жұма намазынан қалмайтын. 2002-2013 жылдары мен мешіттің бас имамы болған кездерде апамның бір ерекше жақсы қасиеттерінің бірі жұма намазының алдында міндепті түрде менің бөлмеме келіп, сөйлесіп, жазған өлеңдерін, діни өлеңдерін көрсететін. Жұма намазы біткен соң бас Муфтиге кіретін, сөйлесетін.

Бүкіл мешіттің жамағаттары, мешіт қызметкерлері, имамдар апамызды жақсы көретін.

«Ай, балалар, қалайсындар?»- деп бәрімізді еркелетіп, құнім-жаным, құлыным дейтін.

Апамыз сондай жылы, жақсы сөздерімен есімізде қалды.

Жұма намазында немесе айт намаздарында бір топ апаларымыз мешітке келіп отырып, дұғаларын жасап, жастарға уағыздарын айтып, баталарын беретін.

Баталарын бергенде өздерін ғана ойламай, халқына, ел-жұртына, елбасымызға – деп бата

беретін.

Сол кісілердің тілектері қабыл болып, Иншаллаh, Қазақстанымыз тәуелсіз ел болды, дінімізге бостандық берілді.

Тағдырдың ісі, мәңгілік ешкім қалмайды, апамыздың жақсы іс-амалдары, тілектері қабыл бола берсін!

Аллаh Тағалам апамызға жәннәтті нәсіп етсін!

*Алматы қаласындағы Байкен мешітінің  
Бас Имамы Құлмұханбет қажы*



## **Біздің жазушы апамыз**

Мен Күлдән апайды Жаратқанның үйі – орталық мешітте кездестіріп таныстым, намазхандас болып кеттім. Ол кісінің маған ұнаған жері турашылдығы, діндарлығы, үлгі алатын ұлағатты сөздері дінімізді бұдан да жақсартуға ат салысып, уағыздарын айтып, жастарымыздың дінге бет бұрып, намаз оқығандарын көріп қатты қуанатын. Өзінің жазған діни өлеңдерін оқып беріп, тарататын. Сөздерін, берген баталарын жамағат сүйсініп тыңдалап, риза болатын. «Біздің жазушы апамыз» - деп макттан тұтатын.

Апам екеуміз жақсы араласып, апалысіңілідей болып кеттік. Өз өмірі туралы, көрген қыындық, бейнеттерін айтып отыратын. «Бір қызым дәрігер, сол қызымнан көп үміт қүтемін, өзі дінге де жақын. Ауырғанымда, керек уақытта үнемі қасымнан табылады», – дейтін.

Мен өз басым осындай жаны жайсан, сөзге шешен, діндар адамды кездестіргеніме қуанамын.

2015 жылдың ораза айы кезінде Аллаһтың бұйыртуымен тағы да қасиетті жер – Меккеге барып жаратқанға мінәжат етіп, қызы Бақыттың сұрауы бойынша Күлдән апа үшін тағы да қажылық өтедім. Үлкен құран хатымға қатысып

дұға жасалды.

**Күлдән апаның аруағы риза болсын!**

Бұл өмірден өткенше иманы жолдас, дұғасы аузында болды. Кез-келген әрбір анаға осындай анасын күте білген қыз тілеймін. Апаларын күткен немересіне де, келінге де ризамын.

Өмірден өткенде де арулап, жөн жоралғысъмен шығарып салынып жер анатың құшағына тапсырылды.

Аллаһ Тағала жатқан жерінің топырағын жеңіл, қабірін жарық қылсын. Жаннатты бұйыртсын.

Аллаһтың нұрына бөленисін!

**Әумин.**

**Балапан қажы**


## **Батагөй апа**

Мұқан қызы Құлдәнмен 1989 жылы орталық мешітте таныстық. 1990 жылдардан бастап қатты араласып кеттік, жұбымыз жазылмады, жұма сайын бірге болдық. Сол кездерде арамызда біраз апалар бар болатын: Бигайша, Мәнурға, Құлпаш т.б. намазхандар. Бір-біріміздің үйімізге барып отырып әңгімелесетінбіз. Ол уақытта діни кітаптар болмағандықтан елден естіген хадистерді, уағыздар, діни жаңалықтарды қағазға жазып алыш, жиналғанда ортаға салып пікір алысатынбыз. Құлдән тәтем үнемі айтушы еді: «Басқа әңгіменің керегі жоқ, айтпандар. Тек хадистерді оқындар солар бізге пайдалы» -дейтін. 1994 жылы ұлы ғалым, діндар, үлкен ақсақал Фалифа Алтай қажы келді. «Иман шарт» деген кітабы шықты. Содан барып көзіміз ашылды. Он шакты сүрелерді үйреніп, жаттап алыш, намаз оқитын болдық. Ислам мемлекеттерінде, соның ішінде Орта Азия елдерінде де әйел қауымына мешітке бару рұқсат етілмегендіктен сол кездегі Бас муфти Ратбек қажы Ташкенттегі муфтияттан рұқсат алыш, Қазақстан әйелдері емін-еркін мешітке келіп намаз оқып үйреніп мінәжат жасауына, уағыз тыңдау мүмкіндігіне ие болды. Рәтбек қажы да үнемі «қатындар (сөзі солай

болатын) мен сендерді сұрап алдым, сондықтан құлақтарыңды түріп уағызды жақсылап тыңдандар, жаттап алындар» - деп ақылын айтатын.

Мешітке уағыз тыңдау үшін қалмай үнемі барып жүрдік, қалмауға тырыстық. Мешітке келіп, намаз оқып жүрген жастарды көріп қуанып, оларға шын ниетпен батасын төгіп беріп, дұрыс жүріндер деп аналық сөздерін айтатын. Кейбір апалар да болды, жастарға ұрсып, айғайлап: «неге орамалдарың жоқ, нәски кимейсіндер» дейтін. Сондай сәттерде Құлдән тәтем жәйлап: «әлі мұның бәрі орнына келеді, жөнделеді, жастарға ренжімендер, осы келіп жүрген қадамдары құтты болсын, нұрдан болсын, осының өзі қандай қуаныш», деп басу айтатын.

Жұма намазынан кейін жамағаттар, жастар жүгіріп келіп уағызын естіп, батасын алып кететін. Келмей қалған кезде «бата беретін апа қайда?» деп ізден жүретін. Сол қасиетін ел жақсы көретін. Құлдән тәтемнің көргенділігі, ұлағаттылығы, өжеттігі сөзге шешендігі маған қатты ұнайтын. Ешқайсымыз ол кісідей сойлей алмаймыз. Кейде: «Тәте, сіз данышпансыз, әулиесіз» деп қалжындаитынмын. Бұл менің жан дүниемнен жарып шыққан шын сөздер. Ол кісі батыр ана, жазушы, дана қария еді.







**Анамның соңғы суреті**



**Анасы  
Сәрсенбекқызы  
Сақыпжамал**

**Әкесі  
Сақариұлы Мұқан**





1961 ж.

Анамның  
балаларымен  
түскен кезі





Күз айы. 1991 ж.



**Қызы Рысалды.**  
**04.04.1950 ж.**

**Ұлы Серік.**  
**05.05.1952 –**  
**28.07.1998 ж.**





**Қызы Бақыт.  
05.06.1955 ж.**



**Ұлы Серікқазы.  
21.05.1961 –  
20.01.1995 ж.**

**Қызы Бірліккүл.**  
**19.12.1963 –**  
**20.01.2010 ж.**



**Қызы Бақытқүл. 13.10.1967 ж.**




**Мекке-Мәдинаға ұшар алдында. 2005 ж.**



**Өмірдің кейбір  
кездері**




**Анам Мекке  
– Мадинаға  
қажылыш  
сапарында  
2005 ж.**





## Қазақстан қажылары кітабынан

### Қажылық сертификаты





Алматы қаласындағы Орталық мешіт  
имамдарымен бірге



Алматыдағы Орталық мешіттің ашылу  
күні. 05.07.1999 ж.



**Бірге жүрген намазхан құрбылары**



**Алматы қаласы Орталық мешітінің қари қажылары**



**Байкен мешітінің  
Бас имамы  
Құлмұханбет  
қажы**



**Тастақ мешітінің  
наиб имамы  
Нұрболат қажы**



**Балапан қажы**



**Әлия апа**

Өз басым қатты құрметтейтінмін. Жазған кітаптарының бәрін оқыдық, ойлары төгіліп тұрған маржандай. Кенпейілдігі қандай! Әлі есімде, он шақты адам үйіне бардық. Келсек бір қазан ет асылған, бір қазан палау, бауырсақ шелпек пісірілген. Мұнша тамақты қалай тауысар екенбіз деп жатырмыз. Сонда тәтем: «Ой, сендердің жастарында бір қойдың етін тұтас жейтінмін. Соғыс кезінде Монғолия елінен Қазақстанға қой айдал келдік. Тұнде қой сойып дайындаймыз, ертеңінде аттың үстінде отырып күні бойы қойнымызға салған сол етті жеп бітіретінмін», - деп өткен өміріне сапар шегетін. Көнілі қандай кең болса, дастарханы да сондай мол берекелі еді.

Тәтем туған апамдай болып кетті. Жұма күні қайтыс болды. Күлдән тәтем бұл өмірден өтетін жұма күні таңға жақын тұс көрдім. Тұсімде әппақ, сондай мейірлі маған ризашылығын білдіріп, батасын беріп жатыр. Бала-шағаңдың қызын көр деп анық айтты. Оянсан таңғы сағат төрт мөлшері екен. Бұл неліктен деп ойладым. Алдында екі-үш күн бұрын үйіне барғанмын, көп отырып әңгімелестік. Жазып апарған дұғаларды қарап отырган немересі Саятқа беріп: «Әжеңе дем салып отыр», - дедім. Тәтемнің бетінен, қолынын қайта-қайта сүйдім. Денесі сондай таза, жылы, жас баланың денесіндей,

ондай денені бұзылмаған деп айтады ғой (жалпы өмірінде денесіне пышақ тиіп ота жасалмаған). «Не болды сонша мені сүйіп, жалап?!», - деп қалжындасты. Тәтем бұл дүниеден қайтқан соң түсіндім, бұл менің ол кісінің ақырғы рет көргенім және қоштасқаным болыпты. Түсіме кіргені ойымыздың жүрегіміздің, жан дүниеміздің жақындығы болар.

Тәтемнің жаны жәннатқа барсын, иманы жолдас болсын. Артында қалған бала-шагасы аман боп, тілеген тілектері қабыл болсын, жүректеріне имандылықтың нұры шашылсын!

Жақсы жөнелтілді, жиналған жүрт апалар риза болды. Бәрі үлкен ұйымшылдықпен өтті. Аллаһтың нұры жаусын!

**Әлия Жорабекқызы**

## **Ұрпағы үлгі тұтар асыл ана**

Біздер мұсылман болғаннан кейін бұл өмірге қонақ екенімізге сезінуіміз керек, біздер бұл дүниеге мәңгілік емес екенімізді білуіміз керек. Әрбір тірі жан өлімнің дәмін тату ақиқат. Бұл туралы Құранда бірнеше аяттар келтірілген

Арамыздан өткен Мұқан қызы Құлдән апамыз Маш Аллаһ, намазы берік, қажылығын жасаған, парасатты үлгілі ана болған. Өзінен кейінгі ұрпақтарына шарифаттың шеңберінде ақыл айтып отыратын, жазған кітаптарын еңбектерін оқыдық, алатын жерлері өте көп. Аллаһ разы болсын. Аллаһ тағала бұл дүниеде жазған еңбектерін қайырлы етсін. Қайта тірілер уақытында Аллаһым, өзінің сүйген құлдарыңмен, жәннattan сусындаған құлдарыңның қатарында тірілтуді нәсіп ет. Аллаһым бұл өмірде дәрежесін көтергендей, қияметте де дәрежесін сондай көтеріп, Пайғамбарымыздың туының астында Пайғамбарымыздың щапағатына бөленіп, Аллаһым, бір өзіңің раҳымыңмен Фердаус жәннатына кіретін сүйікті құлдарыңның қасында етсін. Жаратқаным жанын жәннат қылышп, қабірін нұрландырысын. Әмин!

***Нұрболат қажы***

## **Әулие Ырғызбай ата туралы**

*Әулие Досқана ұлы Ырғызбайдың  
Атагы Мәмбетқұлга болған айбын.*

*Әлі күнге үрпағын жебеп жүрген  
Аталарап әруағынан айналайын!*

Атамыздың аталары Досқанадан туған атақты  
Ырғызбай Әулие мен аталас болғандықтан сол  
Әулие ата туралы бір сөз.

Ырғызбай Досқана ұлы 1787 жылы туып, 1850 жылы қайтыс болды. Ел аузындағы аңызға қарағанда жұрт көзі тірісінде емші ғана емес, әулие ретінде бағалаған екен. Ауырған адамдарды тамырын ұстап, тырнағына, бет әлпетіне қарап отырып аурудың түрін ажырата білген. Көбіне шөп – дәрілерді қолданған. Кезінде қазақтың ойшыл ақылы Абай атамыздың әкесі Құнанбайды нашар жатқан жерінен емдеп, аяғына тұрғызған екен.

Құнанбайды ажал шеңгелінен құтқару арқылы тұтас бір әuletті, соның ішінде ұлы Абай бастаған ақындар әuletін келешекте дүниеге келтіруіне жол ашқан.

Әулие емші атандың көзі тірісінде мейірімі қандай болса, қазір де ел-жұрт мазарына келіп дұға етіп, басына түнеп жатып, сауығып кетіп жатады.

Найманда кім білмейді Ырғызбайды,  
Ырғызбай сыйндырмай тұргызбайды.  
Алланың сүйген ұлы Әулие атам,  
Естігем талай аңыз бабам жайлыш.

Жұртынан аямаған қолда барын,  
Жандос батыр ұлы еді Ақшораның.  
Жандостан Досқана боп ел тарайды,  
Бел баласы Ырғызбай сол атаның.

Шапағат бойға тарап даласынан,  
Ізгілік орын тепкен санасынан.  
Халқының қамы үшін туған бабам,  
Қарапайым қазақтың арасынан.

Аз болмаған қазақтың қайғы-мұны,  
Халыққа керек кезде жан жылуы.  
Сол жылуды еліне дәру еткен,  
Емші еді өлкедегі ол айжулы.

Қараңыз, киік оты, қара ермен,  
Емдеген адамдарды шөп дәрімен.  
Күшәла, адыраспан, таушымылдық,  
Адамтамыр жинапты Брақытбелден.

Арша қыып әкелсе Кіндіктіден,  
Қарғыбадан табылған түймешеген.  
Аюлыдан алдырса аю өтін,  
Арқарлыда бар екен түйетікен.

Жеті түрлі у шөптің түрін білген,  
Қырық шөптің қыры мен сырын білген.  
Айбалдырған, қазтабан, індешөпсіз,  
Емдеп жазған шешенді шенгелменен.

Қасиетін қалың ел мойындаған,  
Құдіретің сарқылып жойылмаған.  
Әлемнің сегізінші кереметі,  
Ғаламда дана туған дара тұлғам.

Науқасты көрмей тұрып жөні сезген,  
Атаның тұнде түсі аян берген.  
Зәруарт шипа тілеп жатса алыста,  
Адамдай сөйлейді екен барып көрген.

Тоймаған пайғамбардың ақ жолынан,  
Әулие ата бойына кие қонған.  
Тірісінде дарыған сол қасиет,  
Адалдық боп, қабірі нұрға толған.

Өлмеске аяқ басу деген мықтылық,  
Қауым сізге бас иеді тік тұрып.  
Тұрғандайсың Күмістіде жатып ақ,  
Мәңгіліктің не екенін ұқтырып,-  
деп үрпактары жырлайды.

*Мақсат Әубакіров*

## **Сыйлы ана еді**

*Кұда жекжаттардың арасынан ерекше орны бар, жиырма бес жылга тарта «сары сүйек» болып кеткен үлкен құдаги Рабига анамызбы лай деп есіне алады: Күлдән құдағи ұлын ұяға, қыздарын қияға қонғызыған, қадірлі сыйлы үлкен ана еді. «Сыйлағанның құлы бол» деген сөз бар ғой; сыйластығымыз жарасқан, қыз алысқан, мың жылдық құда-құдағилармыз. Қызы біздің отбасымызға бақыт әкелді, өсіп-өніп отырмыз.*

Бұл өмірге қонақ болып келіп және қайту бар, уақыттың талабы солай, арамызда жоқ бұл күнде. Артында қалған ұрпақтарына, жастарға имандылығын, қадірін, сөз шешендігін берсін. Сыйластығымыз арта беріп, береке-бірлігіміз нығайа берсін.

Жаратқан иеміз жар болып, жатқан жерін жайлы қылсын.

Алдың бейіш, артың ырыс болсын.

*Құдаги Рабига ана*

## **Түйсшыл, турашыл жан**

Күлдән апамен ұзак жылдар бойы жақсы араластық. Ақ жарқын, бауырмал, түйсшыл, турашыл еді. Қонақ жайлы, дастарханы мол, келгенде әрқашан күліп қарсы алатын. Қолымыз сәл босағандың үйіне барып әңгімелесіп, мәнерлі өнегелі сөздерін ұйып тыңдайтынбыз. «Сен ескінің көзісің» дейтін, балаларымның бұл өмірде өз орындарын табуына тілекші болып ақ жол тілейтін. Әрине, орны толмайтын өкініш, арамыздан кетті. Құдіреті күшті Аллаh Тағала рақымына бөлесін. Жәннаттағы несібесі арта көрсін, артында қалған ұрпақтарын жебей берсін.

**Қазима Қабыш қызы**

*Әлһамдуллиләһ, мұсылмандын  
Басымды бір Аллаһқа ұсынғанмын*

## **Жанымның жауһар жырлары**



**Ассалау мағалейкүм  
мұсылмандар қауымы!**

Аллаһтың атымен бастаймын. Он сегіз мың ғаламның иесі, өлі-тірінің иесі, қиямет күнінің падишасы, мейірімді Аллаһ, қайырымды Аллаһ, әділ Аллаһ, пәк Аллаһ, шебер Аллаһ; Аллаһтың құлы Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың үмбеті болған пенделерге Аллаһтың нұры жаусын. Бәрімізді қияметте Мұхаммед (с.ғ.с.) ақ туының астында жинауға наеліп етсін. Әумин.



## **Мұхаммедке (с.ғ.с.) салауат**

*Адамзатты қараңғы қапастан құтқарып,  
мәңгілік бақытқа жеткізу мақсатымен рақым  
етіп жіберілген адамзаттың ақырғы ешісі  
Мұхаммедке сәлем жолдан мың сан салауат  
айтамыз.*

Он сегіз мың ғаламға  
Пәруар болған Мұхаммед,  
Пенделердің бәріне  
Нұрдан болған Мұхаммед,  
Тарыққанға қорған болған,  
Аасқанға жарық болған,  
Мұхаммед!  
Ораза мен намазға жаңылмаған,  
Шайтан менен малғұннан  
Қорған болған Мұхаммед.  
Жамандыққа жақсылық  
Жасап жүрген, адасқанның ақ жолын  
ашып жүрген Мұхаммед.  
Шапағатын Аллаһтың шашып туған,  
жетім менен пақырға пана болған Мұхаммед!  
Қанағатсыз нәпсіге құлыш салған Мұхаммед!  
Я, Мұхаммед, Мұхаммед Әссәлату әссәлам.

## Аллаһқа жалбарыну

Я, Аллаһ, сақта мені дінсіздікten,  
Айтар жерде айта алмай үнсіздікten.

Я, Аллаһ, сақта мені пендеге табынудан,  
Жалпылдаң биліктіге жағымсудан.

Я, Аллаһ, сақта мені өтіріктен,  
Дінін сатып есерленген есіріктен.

Я, Аллаһ, сақта мені арам ойдан,  
Мақтаншақпен айтылған жиын тойдан.

Я, Аллаһ, сақта мені сұмырайдан,  
Бітеу жара бітпейтін дау-дамайдан.

Я, Аллаһ, сақта мені парықсыздан,  
Көкірегінде сәуле жоқ жарықсыздан.

Я, Аллаһ, сақта сені күнәнің бәрінен,  
Сақта мені құтылmas өзіндің кәріңнен.

Я, Аллаһ, сақта көрдің азабынан,  
Қиямет күні келетін тозағынан.

Я Рахман Алла Рахим,

Я Рахман Алла Рахим,

Я Рахман Алла Рахим,

Аллаһу әкбар. Әумин.

## Әлһарам – Аллаһтың қасиетті үйі

Қағба Аллаһ үйі, мұнда салған,  
Ішінде Әлһарам бар, емес жалған,  
«Қашаннан мұсылмансың?» деп сұраса  
Әлмисақтан деген сөз содан қалған.

Жаратқан бірінші оны жаратыпты,  
Содан соң бар пендені таратыпты,  
Алты күнде әлемді жаратқан соң,  
Жеті күнде жан беріп санатыпты.

Қара тас жерге тимей тұр ішінде  
Ілінген ештеңе жоқ ол ішінде,  
Жаратқанның құдіреті күшті емес пе?  
Не жасаймын деседе өз күшінде.

Үбірайым тасы тұр ізі түскен,  
Ол тасты жаратты қандай күшпен?  
Смаилды құрбанға шалмақ болып тұрғанда,  
Аллаһтың әмірімен қошқар түскен.

Қағбаны қайта салған әке мен ұл,  
Аллаһтың бұйырығымен қасиетті құл,  
Аллаһтың әмірімен қағба салып,  
Әлемде теңдесі жоқ болыпты тұл.

Әке қалап, ұлы тасын теріпті,  
Көрсетіп пайғамбарлық әкелікті.  
Содан соң тағы да Аллаһтың әмірімен  
Ысқаққа бәйбіше болған жүкті.

Бар мұсылман ынтық болып, қағбаны іздер,  
«Сынайық» – деп келдік саған біз деп.  
Мындаған, миллиондаған мұсылмандар,  
Ағылыш келіп жатыр мындал-жүздең.

Еңіреп жылау менен сәлем қылып,  
Қағбаны аралауға бәрі ынтық.  
Жеті айналып шығуға жүгіріп жүр,  
«Лаббайка» деп білдірер көңіл ыстық.



## Қажы имам балам Құлмұханбетке

...Бір кәдеге жарайын.  
Қабыл болып ақ батам,  
Куаныштан журейін.

Тәлім алдың Алланың мектебінен,  
Талай өттің өмірдің өткелінен.  
Дәріс беріп халқыңа сыйлы болып,  
Орын берсін үйінің қақ төрінен.

Алланың назарында бол,  
Пайғамбардың қадамында бол.  
Уайым қайғысыз  
Мамыражай заманында бол.  
Осы жолдан таймай,  
Құранның ақ жолында бол.

Әумін



## **Имам Құлмұханбет қажы**

Алматы қаласындағы Байкен мешітінің бас имамы Құлмұханбет қажы мінезімен, өзінің парасаттылығымен, білімімен, сабырлы, салмақты, қанша халықты уағызымен сусын-датқан өте білімді азамат.

Құлмұханбет атта баламыз,  
Сабырлы маңғаз данамыз.  
Халыққа білімін сарқады,  
Мәртебесі күннен-күнгө артады.

Қарастырған жан-жақты,  
Ойлайды да ар жақты.  
Айтпаса да белгілі,  
Кең жайылған тармақты.

Жетімге де қарасады,  
Білімі елге жарасады.  
Разы болып бұл халық,  
Жақсылықпен тарасады.

## Апасының қажы баласы Нұрболатқа берген батасы

Айналайын азамат,  
Жүрші аман саламат.  
Маңайыңа үлгі боп,  
Атың шықсын ғаламат.  
Ақ ниетпен айтамын,  
Болмасыншы жаманат.

Ақ батамды берейін,  
Үстем болсын мереейін.  
Бақытты бол қарағым!  
Даладай боп ашылсын,  
Жолыңдағы сарайың.  
Өлі болсам жебейін,  
Тірі болсам көрейін,  
Періштелер әумин деп.

## Діни бата

Құранның өзін берсін,  
Фатиханың нәрін берсін.  
Ясиннің дәнін берсін;  
Құлқулалланың қуатын берсін.  
Аятыл күрсідің қанығын берсін,  
Осы қасиетті дұғалар,  
Бойыңа серпін берсін.

Аллаһтың бізге айтқан өсиетін,  
Келді ғой енді кезең, бас иетін.  
Аллаһтың маған берген бір қуаты,  
Құранның ұялаған қасиетін,  
Төрт шадияр досымыз:  
Әбубекір, Омар, Оспан, Әли  
Бұларда бізді қолдасын.

Ісінізді Аллаһ ондасын,  
Аллаһтың айтып азанын,  
Жарқырасын ажарың.  
Иманың сенің жолдасың,  
Аллаһта жүрсін назарың.  
Бала-шагаң аман болып,  
Тарқамасын базарың.  
Әрбір басқан қадамың,  
Бойыңа қуат тараған.

Нұрдан болсын тамағың,  
Ашық болсын қабағың.  
Осының бәрін тілесен,  
Жақсылыққа жарадың.

Әумин!

## Әулие Үрғызбай ата туралы

*Алты арыс атам қазақ арғы атасы,  
Алатайдың Арғын, Найман бір саласы.  
Бекарыс Орта жұз деп аталауды,  
Мәмбетқұл сол Найманның бір баласы.*

*Мәмбетқұл – Қыржы атандып ел тараган,  
Тауында Тарбагатай кең тараган.  
Ой қыржы деп атаган Ақсуатта,  
Тау қыржы күнгейіне қоныстанған.*

**Әлімгазы Қасымов**



## **Тұған жер сағынышы**

Ақсұат деген жерім-ай,  
Найман деген елім-ай.  
Алшақтап кеттім өзіңнен,  
Сағындым сені елім-ай.

Ақсұат менің ауданым,  
Тарбағатай тауларым.  
Орындалған өзінде,  
Алғашқы менің арманым.

«Түйе мойнақ» жағасы,  
Туыстар, әкем бар моласы.  
Өзіңе арнап тапсырдым  
Қасиетті баба даласы.

## **Бабаларға арнау**

Мен қызы едім Найманның,  
Өлең жыр мен айғайдың.  
Дәуірдің бас кезінде,  
Шырқатып ән мен қайқайдым.  
Дүние шіркін ыстық қой,  
Әр нәрсеге қайран ғап,  
Үндемей басты шайқаймын.

Атыңнан айналайын Найман бабам,  
Арттағы ұрпақтары жүрші аман.  
Бұл күнде өзі тұр-гой тозаңы өшкен,  
Шырақ алып іздесем де қайдан табам.

Шым шытырық ойда отыр ғой менің санам,  
Бабаны еске алып тартып қалам.  
Келешек ұрпақтарым ұмытпасқа,  
Өлең мен әнге қосып бастым қадам.

## **Ананы еске алу**

*Анасы Сақыпжамалға арнау*

Кеше ғана 85-ке тіредің,  
Бар балаңа жақсылықты тіледің.  
Жан анашым, мынау жарық дүниеден,  
Жалғызым деп қиналғаныңды білемін.

Қуандым ғой сенің туған шағында,  
Жиылып келуші еді халқың да.  
Енді мына суретіңе үңіліп,  
Мен отырмын жас тағылып алқымға.

Арманда өткен анам-ай,  
Тағызым етемін өзіңе.  
Зар болып бүгін отырмын,  
Жалғызым деген даусыңа.

Жанымда қалды жатталып,  
Жүргімде қалды сақталып.  
Өтетін тұні айтып ең жалғызым деп,  
Көзін жұмды о дүниеге аттанып.  
Құраныңды оқимын,  
Көңіліме тоқимын.  
Үш шаңырақ жүртүнда,  
Жалғыз қалып шоқидым.

Дүние өтер кетер, өтер кетер,  
Артыңа ұрпақтарың басып жетер.  
Жан таппаймын өзінді ойлап жылағанда,  
Мен үшін жан табылмас сізге жетер.



## **Баланың анаға деген сағынышы**

*Сақыпжамал әжемізге арналған*

Жетелеп ұшса алға арман,  
Кеудемде ән мен күй қалған.  
Әмір бар жерде өлім бар,  
Анам да кеттау жалғаннан.

Айналайын анашым,  
Әр қашан берер батасын.  
Оңаша ойлап отырсам,  
Арайлы таң боп атасың.

Биік тұлға асқарым,  
Өзіңсің биік аспаным.  
Өзіңсіз мені басқан мұң,  
Ажалдан сірә қашқан кім.

Қаталығымды баулыдың,  
Алаңсыз өтті бар күнім.  
Қамқорым едің қашанды,  
Түзеттің талай бар мінім.

Анасыз бала қандайды,  
Көңілі толар бар қайғы.  
Көзімнің жасы бұршақтап,  
Тау-тасқа ұрар мандайды.

Анам мені әлпештеп ақ өсірді,  
Не күнә істесем де кешірді.  
Қадірінді білмеппін-ау ақымак,  
Дұрыстап жинамаппын есімді.

Анасыз көңілім жаралы,  
Көңілім менің қаралы.  
Күтіп тұр менің алдымда,  
Тағдырдың қандай торабы.

Анашым, қолдап піріңіз,  
Жалғыз қыз бар деп жүріңіз.  
Қарық боп мен де жүргем жок,  
Қолдаушым болып тұрыңыз.

Ойымның болмай өлшемі,  
Ауыр мұң басты еңсені.  
Жәнэтта болсын орының,  
Сағынып жүрмін мен сені.

Кімдер жеткен арманға,  
Талай боздақ кетті ғой.  
Жақсылық болсын қалғанға,  
Шыбын жаның үзіледі  
Алладан бұйрық болғанда,  
Бір минут кейін қалмайсың,  
Айың-күнің толғанда.

## **Өлеңім**

Өнерім – менің өлеңім,  
Жай табар жаным қашанда.  
Көңілдің күйін ақтарып,  
Мауқымды бір сәт басам да.

Өнерім – менің өлеңім,  
Жаңалық ізден талпынар.  
Жебейтін мені, демейтін,  
Қуатты менің халқым бар.

Жалғыз бол өзің жүргенде,  
Егіз бол жырмен келемін.  
Қырандай қанат қаға бер,  
Шыңдарға биік өлеңім.

## Қасиет

Бес қасиет ұяласа кеудеме,  
Қындықты кездескен мәу деме.  
Көрінеді алыстан бір жылтырак,  
Әлде маған келер сәулеме.

Қындық салар адамды әуреге,  
Досынды пендем жау деме.  
Ұяласа пендем қасиет,  
Тіршілікте келші тәубеге.

Тіріде адал жандар сыйластықта,  
Қайырылып бірін-бірі қимастықта.  
Адал жан бұл өмірден түзу өтер,  
Бойына арам нәрсе жимастықта.

Аллаһтың бізге айтқан өсиеті,  
Келді ғой енді кезің бас иетін.  
Аллаһтың маған берген бір қуаты –  
Құранның ұялаған қасиеті.

Айналайын жастарым,  
Аман болса еken бастарың.  
Құранның дұғасы бұйырып,  
Домаласын өрге тастарың.

## Ақыл білген нақыл біледі

*Сақыпжамал ажемізге арналған*

Тәңірім жаман іске тиым салған,  
Опасыз өте шығар мынау жалған.  
Мінәжат кеңшіліктегі тәуба жаса,  
Кеш қалып келешекке қылмай арман.  
Жалбарын жаның барда жаратқанға,  
Кішіпейіл адад жан бол, қарап қалма.  
Кісіні жәбірлеме балағаттап,  
Ұрлық қылма ала жіпті бекер аттап.  
Бес уақ намаз оқы, дәрет алып,  
Иман айт, сүре оқы дұға жаттап.  
Жасама басқаларға әсте зорлық,  
Тозақта отқа жанып көріп қорлық.  
Сұндетке отырғызып, оқыт бала,  
Адал бол адамдарға жаппа жала.  
Некелі жарынды күт қамқор болып,  
Мойныңда қарызы бар ата ана.  
Садақа бер ғаріпке өз қолынан,  
Айныма Исламның ақ жолынан.  
Ұжмақта мәуелі бақ кәусарынан,  
Жұтуға үміт үзбе кең молынан.  
Сөйлеме ғайбат айтып сөзді кестір,  
Шапағат жаса көрсөң жетім-жесір.

## Үрпактарға арнау

Тереңге салсаң қармағын,  
Кең жайылар тармағын.  
Тереңге тартса ақылың,  
Көлемді болар жан-жағын.  
Қадірін жанның білмесен,  
Шайнауда қалар бармағын.

Өлшеулі өмір өткен соң,  
О дүния жеткен соң.  
Көрістанға барған соң,  
Белгілі ғой ар жағын.

Жақсылық етсең өзіңе,  
Жамандық етсең өзіңе.  
Боқ дүнияға алданып,  
Жинағың азық өзіңе.  
Осының бәрін көрмейік,  
Жамандыққа ермейік.  
Аллаңтың берген нәсібін,  
Онды-солды сермейік.

Ақылың тұрсын төрде,  
Рухынды шығар өрге.  
Мынау қысқа жалғанда,  
Кедергісіз барайық жерге.  
Күнәмізді жуайық,  
Шайтанды маңынан қуайық.

Аллаһ алдында барғанда,  
Анадан қайта туайық.  
Күнәшар ғой пенделер,  
Дүниенің бәрін өңгерер.  
Аллаһ бізді көріп тұр,  
18 мың ғаламды меңгерер.

Амал бар ма бірақ та,  
Ойымыз жүр жырақта.  
Құтылмаймыз бәрі бір,  
Ілінеміз, әйтеуір, сұраққа.  
Айтсам естір құлаққа,  
Аллаһ берген бұлаққа.  
Дененді пендем тазартып,  
Жақсылыққа тұрақта.  
Сөзімді айтқан ұғып ал,  
Жақсылап миға құйып ал.  
Өте шығар дүние,  
Азығынды жиып ал.

Өмір шіркін алдайды екен,  
Сұм дүние алдандырып жалмайды екен.  
Өмірдің қысқа екенін ойламасан,  
Артында еш бір ізің қалмайды екен.

Өмірдің тарихынан білім алған,  
Ұйытқып соғады екен мына жалған.  
Қиқы-жиқы өмірдің салдарынан,  
Қажы апа деп білерсің мұны жазған.

## Жастарға арнау

Жастар-ау, үлкендерді ұлықтаңдар,  
Бойыңа жамандықты жуытпаңдар.

Атаңа істегенің өз басыңа  
Келетінің ешқашан ұмытпаңдар

Қолыма қалам алайын,  
Ақыл таразыға салайын.  
Мәнісін айтсам бұл жайдың,  
Ұғарсың жастарым талайың.

Жақсы адаммен жанасып жүр,  
Жарлы-жақыбайға қарасып жүр.  
Шалқақтағанның шамасын біл,  
Ақ пен қараның арасын біл.

Тек жүрсөң, тоқ жүресің,  
Домаланып көп жүресің.  
Тыныш үйде ән болар,  
Ән болған соң сән болар.

Бүлінген жер дау болар,  
Дау болған соң жау болар.  
Ақылды жолдас етсең, жастарым,  
Дені-қарның сау болар.

## Көңіл сәулесі

Екі ұлым жарық көрмей бес жыл өтті,  
Ғазиз бастан оқиғаның бәрі өтті.  
Қызығын енді көрем деген кезде,  
Аллаһтан әмір қеліп ажал жетті.

Бәйтерек түбіндегі тамыр едім,  
Біраз ғана мен емірендім.  
Аллаһтың құдіретіне не шара бар,  
Солардың жұртында қалып мен еңіредім.

Ағарып атқан таң арайлым,  
Не нәрсеге жараймын?  
Бір жұрт болған қыздар бар,  
Қайсысы бидай шашады деп,  
Жалтақтап соған қараймын.

Қыздар болса бір түйек,  
Жанарда – жанбас шамшырақ.  
Аллаһтан тілеу тілеймін,  
Мейірім етсе екен деп бұл ұрпақ.

Осыны айтқан Анамыз,  
Ұлғайсың балам санаңыз.  
Ұрыс-керістен аулақ боп,  
Тоқыған ақылды данамыз.



**Құдағи Рабига апа**



**Құдаша Қазима  
Қабышқызы**



**Анамыздың алпыс жылдық мерейтойынан  
көрініс**



**Кожа Ахмет Яссауи кесенесінің жанында**



Оразбике апамен бірге




Оразхан құда мен Рабиға құдағыны үшеуі



**Зайра апамен**




**Саятпен бірге**



Саят, Әсем,  
Калима, Асқар,  
Серік

Бірліккүл, Марат,  
Құлжатай, Алмас.  
1988 ж.





**Назым мен Назира**



**Бақытқұл,  
Назым**




**Жанар, Мирас**



Клара апа



Мерей




Мурат, Салтанат балаларымен



**Әлия апа**




**Бәтес апа**



**Тұып өскен  
мекені – Сұлутал,  
қазіргі Жантікей  
ауылы**

**Жантікей  
ауылындағы  
Ырғызбай әулие  
мешіті**





Kazakhstan

Elbasysha Kýzma



Тәуелсіз Қазақстанның және бүкіл ТМД елдерінің мерекесі — Ұлы Отан соғысындағы жеңісіміздің 55 жылдығына орай шын жүректен жолдаған құттықтауымды қабыл алыңыз.

Сіздің және Сіздердің үрпақтың үрүс даласы мен еңбек майданындағы ерлігінің ұлылығы халық жадынан ешиқашан өшпек емес. Барлық ауыр сындардан Сіздер абыраймен, жеңіспен оттіңіздер. Сіздерге біз өмір бойы қарыздармыз. Сізге және сіздің туған-туысқандарыңызға зор денсаулық, игілік пен бақыт тілеймін.

Примите мое искреннее поздравление с праздником суверенного Казахстана и всех стран СНГ — 55-летием Победы в Великой Отечественной войне.

Никогда не изгладится из народной памяти величие подвига, совершенного Вами, Вашим поколением на полях сражений и на трудовом фронте. Из всех суровых испытаний Вы вышли Победителями, которым мы обязаны самой жизнью.

Желаю крепкого здоровья, добра и счастья Вам и Вашим близким.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Р. Назарбаев



Елбасының құттықтауы



**Тасмағанбетовтың құттықтауы**





## *Күршетті Ұвағаемшій (ая)*


Муканова

Кулян

---

Ұлы Отан соғысындагы Жеңістің 60 жылдығына орай шын жүректен жолдаган құттықтауым мен өздеріңізге арналған ақ тілегімді қабыл алышыз! 9 Мамыр – елдік пен ерліктің, еңбек пен бірліктің, мұқалмас ерік-жігердің мерекесі. Сіздің және Сіздердің замандастырыңыздың «ер етігімен қан кешіп, ат ауыздығымен су ішкен» сондау сұрапыл соғыс жылдары көрсеткен ерліктеріңіз барша қазақстандықтар мен бүкіл әлемнің бейбітшілік сүйгіш халықтарының жадында мәңгі сақталмақ. Деніңіз сау, өмір жасыңыз ұзақ болып, үрпақтарыңыздың қызығын көре бергейсіз!

*Примите сердечные поздравления и наилучшие пожелания в связи с 60-летием Победы в Великой Отечественной войне. День - 9 мая – дорогой сердцам людей праздник героизма и патриотизма, сплоченности и единства. Подвиг, совершенный Вами и Вашим поколением в суровые 1941-1945 годы, сила вашего духа и светлое чувство любви к Отечеству, для казахстанцев и всех миролюбивых народов планеты служат вечным примером беззаветного служения Родине. Желаю Вам здоровья, счастья и благополучия!*



*И. Масайев*

*Алматы қаласының  
әкімі*

**9.V.2005**





Женіс  
күнімен!







Анамның қабірі

## Кәрілік

Кәрілік маған келіп қол салады,  
Аямай бар мүшене мол салады.  
«Менсіз кәне тырып етіп жүріп көрші» деп,  
Төсекке итермелеп жол салады.

Шұкір айтам Жаратқанға ән бергенге,  
Сайратып аузыма тіл бергенге.  
Аллаһтың мен жарығын көріп тұрмын,  
Теріп же ырыздық бергенде.

Оң қолымды білеймін,  
Жаратқаннан тілек тілеймін.  
Аллаһқа айтам шұкірлік,  
Сәждеге бас қойғаныма шұкір.

Жарқырап атқан таңға шұкір,  
Мүшелерімнің түгел болғанына шұкір.  
Жарық дүние көргеніме шұкір,  
Көзім көргенге шұкір.

Құлағым естігенге шұкір,  
Аяғыммен жүргеніме шұкір.  
Ас ішкеніме шұкір,  
Осының бәрін айтқызыған Аллаһқа шұкір.

## Қарттарға

Жасай берші, қарттарым,  
Жақсылықпен өтсін арттарың.  
Аман болса балалар  
Орындалды ғой шарттарың.  
Бәріміз ата-анамыз,  
Гүлдей болып жанамыз.  
Аман болсын балалар,  
Өмірден орын аламыз.  
Бәріміздің тілейтініміз балалар,  
Тілекті тілеймін ата менен апалар.  
Жақсы болса балалар.  
Көңілге тоқ саналар,  
Адал туған ұл мен қыз,  
Бәрі оны паналар.

## **Шопанға арнау**

Өлең жаздым естелік,  
Жүрсөң әр кез ескеріп.  
Дұшпаның сенің бар болса,  
Аулақ жүрсін сескеніп.

Шопанжан,  
Маған бала болғаныңа жиырма бес жыл,  
Жиырма бес жыл өмірдің қадірін біл.  
Жалғыз кәрі аранда мені сыйла,  
Қарияны сыйласаң алдыңнан,  
Болашақ өміріңе шашылар гүл.

Дастарханың бай болсын,  
Төрт түлегің сай болсын.  
Бергеннен Аллаһ танбасын,  
Бала-шағаң аман боп,  
Өсе берсін жан басың.  
Қосағыңмен қоса ағар.  
Береке-бірлігің мол болсын,  
Жолың болып шыққанда,  
Жолыңды Қыңдыр жалғасын.

## **Ерлі-зайыптыларға**

Екі жақсы қосылса бірін-бірі,  
Өлгенінше қимайды.  
Бұрынғының әйелдері еркектерін  
Күдайындай сыйлайды.

Екі жаман қосылса,  
Кең төсекке бастары да сыймайды.  
Өмір деген өте шығар тұлқі ғой,  
Жаман жүрсөң көрінгенге күлкі ғой.

Алған жарың болса сенің жібектей,  
Жиып қойған қазыналы мұлкің ғой.  
Жақсы болса өзің алған жан-жарың,  
Қысылғанда ұстайтұғын канжарың.

## От басына тілек

Ана мейірімі күн көзінен жаралған,  
Тұла бойға қуат болып таралған.  
Өмірлерге шуақ болып әрқашан,  
Мейірімінен бәрінен артық саналған.

Өмірде түсे көрме қисық жолға,  
Қисық жол түсіреді терең орға.  
Терең орға түскен соң шығу қыын,  
Сондықтан өмірінді ерте ойла.

Сабырлы, төзімді бол,  
Ақылды, сезімді бол.  
Абыройлы, беделді бол,  
Сөзің өтімді, киелі бол.

## **Үлкендерге бата**

Бала-шагаң аман болсын,  
Мамыражай заман болсын.  
Сол баланың қызығын көретін,  
Өзінде бақуатты шамаң болсын.  
Балаларың табысты болсын,  
Келінің жақсы келісті болсын.  
Ұрпағың өрісті болсын,  
Ағашың жемісті болсын.  
Жан-жағың кең болсын,  
Өз құрбасымен тең болсын.  
Койша қоздап келінің,  
Бала саны он болсын.  
Жақының жақсы болсын,  
Жақсылықтың бәрін тіледім.  
Менің батам оң болсын!

## Жігіттерге бата

Тәлім алдым иманның мектебінен,  
Талай өттің өмірдің өткелінен.  
Осы жүрген халқыңа сыйлы болып,  
Үйінің орын берші көк төрінен.  
Өскен ұрпақ әулетті бол,  
Бақытың биік, сәулетті бол.  
Береке-бірлік дәүлетті бол,  
Ел сыйлайтын құрметті бол.  
Туысыңа мейрімді бол,  
Халқыңа қайырымды бол.  
Үйден шықсаң ақ жол болсын,  
Үйіңе қыдыр кеп қонсын.  
Дәulet кірсін есіктен,  
Бейнет шықсын тесіктен.  
Халқыңа бол ардақты,  
Сөзім сондай салмақты.  
Өмірің өрлей берсін,  
Көңілің тасып көлдей берсін.  
Тапқан табысың нөсер бол,  
Селдей берсін.  
Сапар шықсаң басшы бол,  
Қыдыр болсын жолдасың.  
Тәубә қылып Аллаһқа,  
Пейілінді Аллаһ қорғасын.  
Бақытты болсын ұл-қызың,  
Жоғары болсын жүлдышың.

Ақ батамен көгеріп,  
Шарқырасын құндызың.  
Сабырлы, төзімді бол,  
Ақылды, сезімді бол.  
Абыройлы, беделді бол,  
Сөзің өткір жүйелі бол.  
Тілегімді қабыл ет,  
Бердім бата ақ ниет.  
Разы бол Азамат,  
Батам саған аманат.



## Қызыма бата

Кеуден толы қазына болсын,  
Қапияда сөз табатын  
Аузың шежіре болсын,  
Жақсылықты көретін  
Екі көздің дүрбі болсын,  
Екі аяғың талмайтын жүргі болсын.  
Екі қолың береке береген болсын,  
Ақылың мол дархан болсын.  
Кем бағалыға қалқан болсын,  
Кем-кетіксіз жиырма төрт мүшен болсын.  
Қойының толы ақша болсын,  
Үйіңің маңайы бақша болсын.  
Жамандыққа бой алдырма,  
Ешкімнің көңілін қалдырма.  
Менің саған берген ақ батам осы болсын.

## **Немереге бата**

Айналайын тірегім,  
Лұпілдейді жүрегім.  
Бақытыңа жол ашып,  
Тілеуінді тілеймін.

Киындық көрсөң жасыма,  
Куаныш көрсөң тасыма.  
Әжем бар деп әр кезде,  
Жүрші менің қасымда.

Күндерің сәтті болсын,  
Түндерің тәтті болсын.  
Өмірің сол қызыққа,  
Бақытты болсын.

Ұмытпай жүр апаңды,  
Тексеріп қой қатаңды.  
Тілеуінді тілеймін,  
Беремін алғыс батанды.

Көңілің базарлы болсын,  
Аллаһтың назарында болсын.  
Жарқырасын ажарың,  
Аллан саған бұйыртып,  
Раббым салсын назарын.

## **Отбасына арналған бата**

Я, Құдайым берсін,  
Айтқаным келсін,  
Үйіңе береке енсін.  
Үйің болсын бірлікте,  
Ынтымақты бірлікте.  
Жамандық көрсөң, дүниеден,  
Алды-артын көрмей, шілікпе.  
Ұрандасқан ел көрсөң  
Тұра шауып, дүлікпе.  
Я, құдайым, жарылқа!  
Жарылқасаң, құдайым,  
Жалбарынып, сұраймын.  
Халықты сал дініңе,  
Дін тарайды, күніңе.  
Адалдық содан табасың.  
Имандылық аласың.  
О дүниеге аттансаң  
Пейішке ғана барасың.

## Жолға шықсан

Ия, Құдайым ондастын,  
Ақ жолына бастасын.  
Жорытқанда жолың болсын,  
Жолдастың қыдыр болсын.  
Жер жүзіндегі қатерден,  
Қыдыр, сізге тапсырдым.  
Су жүзіндегі қатерден,  
Қызыр Илияс, сізге тапсырдым.  
Көк жүзіндегі қатерден,  
Ғайса, сізге тапсырдым.  
Жеті әулиеге қол берген,  
Қожа Пәрүәр Ғайп ерен.  
Қырық шілтен әнбие,  
Сізге тапсырдым.  
Бір Аллаһ өзіңе тапсырдым,  
Қайырлы дәulet берсін.  
Өткенге иман берсін,  
Халыққа бірлік берсін.

## Келген келінгे бата

Құтты болсын қадамың,  
Көптен күткен өзінді.  
Көңілінен шыға біл,  
Ата менен ененің.  
Екі еткізбей орында,  
Күйеуіңің талабын.  
Күнде қонақ келсе де,  
Түйілмесін қабағың.  
Күліп жүрсін жанарың,  
Бой алдырма өсекке.  
Айыра біл адамның,  
Жақсы менен жаманын.  
Ақыл менен таба біл,  
Қыын істің амалын.  
Босағадан аттадың,  
Ата берсін арайлап.  
Махаббаттың ақ таңы,  
Айналайын ақ келін.  
Күні ертең боларсың,  
Ата-ананың мақтаны.  
Келін болып қарағым,  
Алматы – деген шаһарда.  
Орын тауып өмірге,  
Ие болдың отауға.  
Ақылыңмен тірлік қыл,  
Жаман келін атанба.

Көзді ашып – жұмғанша,  
Ақ бесікті тербетіп.  
Өсер жайнап ботаң да,  
Айналайын келінжан,  
Қалғанын өзің салмақта.



## Тұған балаға бата

Баланың бауы берік болсын,  
Ата-анаға серік болсын.  
Басы бақырдай ұл туып,  
Келін тағы да жерік болсын.

Үйіңнің жаны бақша болсын,  
Қойның толған ақша болсын.  
Мейірімді болып бұл бала,  
Иманға жүрегі жақын болсын.

Айналайын анасы,  
Қадірлі ғой баласы.  
Қанша бала өрбіткен,  
Бір шаңырақтың панасы.

Көп жасаңыз, қартымыз,  
Сізге қояр шартымыз.  
Тілеу тілеп балаңа,  
Алға қарап тартыңыз.

Құтты болсын бесігің,  
Артық болсын кәсібің.  
Дастарханың жайылып,  
Ашық болсын есігің.

Құдайым осы әuletке дұға берсін,  
Тіл – аузын дүшпанының буа берсін.  
Келіннің балағынан бала саулап,  
Салпы ерін сары бала туда берсін.



## Уақыт

Уақыттан асқан билік жоқ,  
Уақыттан озған билік жоқ.  
Адамға Аллаһ бұйыртқан,  
Уақыттан қымбат сыйлық жоқ.

Өзінді-өзің алдама,  
Уақытты салма саудаға.  
Жиырма төрт сағат берді Аллаһ,  
Балаға, кемпір-шалға да.

Уақытты қолдан пайдаңа,  
Қолыңды босқа байлама.  
Жиырма төрт сағат – сенде де,  
Жиырма төрт сағат – байда да.

Мейірімін төгіп саған да,  
Мүмкіндік берді хақ Аллаһ.  
Денсаулық пенен уақытты  
Берген ғой тегін адамға.

Уақытың, ақшаш, табысың,  
Жұмсалар бәрі тән үшін.  
Ішесің, жейсің, кетеді,  
Барлығы қарын қамы үшін.

Барлығы қарын қамы үшін,  
Не істедің сонда жан үшін?  
Жаныңа бір сәт уақыт бөл,  
Бойыңа иман дарысын.

Несіне жанды қинаймыз,  
Дүние байлық жинаймыз.  
Бізге өмір берген Аллаһқа  
Бір сағат уақыт қимаймыз.

Үгітіп, жолға тасталған,  
Мына құм бұрын тас болған.  
Уақыты бітсе, мыңжылдық,  
Жұлдыз да құлар аспаннан!

Жаратқан Аллаһ жар болып,  
Жаралдық жоқтан бар болып.  
Туғанмен бәрі бала бол,  
Өлмейді бәрі шал болып.

Жас өткен сайын кісілер  
Уақыттың сырын түсінер.  
Азайып сенен үлкендер,  
Көбейер сенен кішілер.

Ойлама бәрін білем деп,  
Шалқып та тасып жүрем деп.

Уақытың – алтын қазынаң,  
Ақшаңды босқа жұмсама.

Ойланып көрші жарқыным,  
Керек пе қымбат алтының?  
Өмірің қалса жарты күн,  
Уақытың қалса жарты күн.

Үйдегі затың тоналса,  
Қалтаңдан ақшаң жоғалса.  
Іздейсің жоқтап, өкініп,  
Уайымға батып о қанша?

Ойланбай неге келеміз?  
Дүние десе – өлеміз!  
Уақытың өтсе, жоғалса,  
Уайымдаймыз неге біз.

Жас болып мәңгі жүрмейсің,  
Мәңгілік өмір сүрмейсің.  
Үнемдеп жұмса уақытты,  
Біtedі ол қашан білмейсің.

Алданып жалған бес күнге,  
Алданып ғұмыр кештің бе?  
Жоғалтып алған уақытты,  
Бере алмас тауып ешкім де.

Минутты әрбір бағала,  
Секундты әрбір сарала.  
Уақытты қайда жұмсадың,  
Есептеп, үйрет балаңа.

Мен үшін әр күн – ұлы күн,  
Құдайға шүкір тірімін.  
Бір минут уақыт деген сөз,  
Бір үздік менің ғұмырым...

Уақыт жоқ менде кектілер,  
Қызғанып іштей жек көрер.  
Уақыт жоқ менде, уақыт жоқ,  
Біреуге ренжіп, өкпелер.

Уақыт жоқ менде... біреуге,  
Жамандық ойлап, тілеуге.  
Уақыт жоқ менде, уақыт жоқ,  
Біреуді сынап-мінеуге.

Уақыт жоқ менде ашуға,  
Жылауға, бір сәт жасуға.  
Уақыт жоқ менде қысқасы,  
Уақытты босқа шашуға.

Білмейсің ертең не етесің,  
Қай жерге дейін жетесің.

Өмірдің жолын сен қанша,  
Уақытты жүріп өтесің.

Ақшаны ойлап құнықпа,  
Күнәға батып, былықпа.  
Ұмтыламын деп ертеңге,  
Бүгінгі күнді ұмытпа!

Бүгіннен баста барлығын,  
Бүгінің – жұмбақ тағдырың.  
Ертеңнен емес, бүгіннен,  
Басталсын сенің әр күнің.

Не істедің бүгін күнімен?  
Не істедің бүгін түнімен?  
Ісіңнен сол бір не қайыр?  
Не пайда соның бірінен?

Өмірдің құнын білдің бе?  
Жоқ басқа өмір сүрдің бе?  
Жұмсадың қайда уақытты?  
Не істедің осы бір күнде?

Түнімен жүріп көшеде,  
Үйіңе жеттің нешеде?  
Бір сағат уақыт күн сайын,  
Бөлдің бе әке – шешене?

Ұйқымен өтті неше күн,  
Күлкімен өтті неше күн.  
Барғанда Құдай алдыңа,  
Бересің соның есебін.

Қазаққа қарап таң қалам,  
Құдайым ойға алмаған.  
Уақытын босқа өлтіріп,  
Өздерін-өзі алдаған.

Өмірін ойлап талайдың,  
Тарихын зерттеп қараймын.  
Бір күні босқа өтпепті,  
Яссайи, Шоқан, Абайдың.

Неге біз осы, неге біз,  
Нәпсіге ғана ереміз?  
Бес уақыт намаз оқымай,  
Бес сағат кино көреміз.

Отірік сөзбен, өсекпен,  
Жастардың күні-ай бос өткен.  
Агентке кірер көзі ісіп,  
Ояна салып төсектен.

Не деген қызық жандармыз,  
Ертеңге сеніп алғанбыз.

Бәрі алда тұрған сияқты,  
Құтеміз бәрін алдан біз?

Басамыз сосын әттеңге,  
Үлгермей соңғы сәттерде.  
Бос өткен уақыт – күнә боп,  
Жазылар Амал дәптерге.

Ажалың жетсе өлерсің,  
Қиямет күнін көрерсің.  
Уақытты босқа өлтірсөң,  
Сол үшін жауап берерсің.

Өткізбе бекер күн, айды,  
Ұмытып кетпе Құдайды.  
Қарызға берген уақытын  
Құдай да ертең сұрайды.

Берілме бекер құр ойға,  
Езілме, босқа мұнайма.  
Ойланшы, не істеп отырсың,  
Не дейсің ертең Құдайға.

Аспанда тұрған күн – сағат,  
Барлығын байқап тұр санап.  
Кірерсің мүмкін жұмаққа,  
Саяпқа батсаң бір сағат?

Жақсылық жаса, қайыр қыл,  
Аталық келсе дайын жүр.  
Уақытың өтпей тұрғанда  
Иманың үшін уайым қыл.

Мейірімі түсіп Құдайдың,  
Болсыншы ұзак жыл, ай, күн.  
Уақытын алсам бекерге,  
Халқымнаң кешірім сұраймын.



## **Өмірдің мәні**

*Ұлы даналардың айтқан сөздері*

Өмір адамға бір-ак рет беріледі; ол үшін бір-ак рет екі мәңгіліктің арасындағы уақыттың титтей жарығы жылт етеді; екінші рет өмір сұруді бізге жазбаған! Сондықтан біздің ақымақтар мен елестер сияқты емес, даналар мен шыншылдар сияқты өмір сүргеніміз игілік болар еді.

\*\*\*

Өмірдің толық мәнін түсінген адам өлімнен қорықпайды. Өлім алдындағы қорқыныш – іске аспаған өмірдің қорытындысы. Соған жасаған опасыздықтың белгісі.

\*\*\*

Өмір мектебінде сәттілікке қарағанда сәтсіздік – ең жақсы ұстаз.

\*\*\*

Өмірден алар ең үлкен пайда – оны ғұмыры бізден ұзақ болатын іске сарп ету.

\*\*\*

Өмір айналымының сиқырлы дөңгелегі төрт сатыға бөлінеді:

Біріншісі – балалық шақ, жаңалықтың даналығы,

Екіншісі – жастық, ізденіс,  
Үшіншісі – кемел шоқ, рухани өсу,  
Төртіншісі – және соңғысы – кәрілік,  
тәжірибе даналығы.

\*\*\*

Жаратушы бар, әлем бар, олар мәңгілік. Ал адамдардың өмірі қас-қағым сэт; бірақ әлемді сүйетін, Құдайға сенетін адам өз ішіне бәрін де сыйғыза алады.

\*\*\*

Өмірдің барлық құпиясын білгенінде өлімге ұмтыласың, өйткені ол да өмірдің тағы да бір құпиясы.

\*\*\*

Өмір құпиясын береке жасырады; одан айырылсақ, уайым көбейеді; белгісізді оймен тек бекершіліктен жоғары тұрған жанғана қамти алады.

\*\*\*

Білім алыңыздар, жақсы кітаптар оқыңыздар.  
Қалғаның өмірдің өзі істейді.

\*\*\*

Мінез – өз өміріңе жауапты болуға дайындық.

\*\*\*

Бірге өмір сүргендегі ұсақ түсінбестіктерді тек күшті маҳабbat қана жуып-шая алады.

\*\*\*

Қорлана тұра, оған жауап бермей, жайбарақат  
қабылдай алған адам өмірде ұлы жеңіске жетті  
деуге болады.

\*\*\*

Ұсақтығы сөзіңің кеткендей болсын үгіліп.

\*\*\*

Ой да көп, уайым да көп ойлай берсен,  
Ой да жоқ, уайым да жоқ ойнай берсөң.

\*\*\*

Жеті атасын білген ер,  
Жеті жұрттың қамын жер.

\*\*\*

Сіз деген де нең кетеді,  
Сен дегенде нең өтеді.

\*\*\*

Уайым тұбі тұңғыйық,  
Батасың да кетесің,  
Тәуекел тұбі жел қайық,  
Өтесің де кетесің,  
Сабыр тұбі сары алтын,  
Мұратыңа жетесің.

\*\*\*

Алла разы болмай, өлі иманды болмайды,  
тірі байымайды.

## **Пенделерге**

Ей, пенделер,  
Мынау қысқа жалғанда.  
Дүние – затқа алданба,  
Бізді тастап қашады,  
Көрге жақын барғанда.

Өзіңе жолдас болатын,  
Дұға менен иманың.  
Опа бермес өзіңе,  
Өліп-талып жиғаның.



## Анама

Анажан, шаңыраққа болдың пана,  
Жамандық қылмаушы едің ешбір жанға.  
Амал не, жоқсыз бүгін ортамызда.  
Сағындық, ана, сізді баршамыз да.

Жан ана, ұл-қызыңың тірегі едің,  
Тірі болсаң жарқылдал жүрер едің.  
Болмасаң да бүгін біздің жанымызда  
Айтқан сөзің, тәтті күлкің жадымызда.

Жұбанышпен жанымыз жабырқаулы,  
Сағынышпен туғандары еске алады.  
Өзіңізбен өткен күндер  
Жадымызда мәңгіге сақталады.



## Жаратқан Иеге

Е, Аллаһ, бұл адамды кешір, оны раҳметіңе ал, жәннаттан болған нәсібесін көркем қыл, оның қателіктерін су, қар және бұршақпен тазарт, ақ киімнің кірден тазарғанындай.

Оған дүниедегі үйінен де жақсы үй бергін, дүниеде қалдырған жанұясынан да жақсы жанұя бергін әрі тозақ азабынан сақта.

Ей, Раббымыз, бізді және біздің алдымызда иманмен өткен бауырларымызды кешіре көр. Біздің жүргегімізде иман келтіргендерге деген жеккөріншілік, жаулық және қызғаныштыққа жол қойма. Ей Раббымыз, сен мейірімді, рахымдысың.

Аллаһым, оны кешір, өз рахымыңа бөлеп, қабір азабынан сақта, мейірімділік ете гөр. Жаннаттағы несібесін аттыра көр және жатқан жерін жайлы, топырағын торқа қыл.

О, Аллам. Өлі мен тірімізді, кіші және кәрімізді, әйел мен ерімізді кешіре көр. Кімге өмір нәсіп етсен, ислам ұстанымдармен жүргізе көр. Кімді ажал құштырсаң, дінде жанын ала гөр.

О, Аллаһ, құлың Өз қамқорлығың мен қорғауында, Сенің мейіріміңе мұқтаж, ал Сен оны азаптауға мұқтаж емессің. Оны қабір азабы мен жалындаған Оттан сақта. Егер

жақсылық жасаған болса, жақсылығын арттыр,  
ал жамандық жасаса, жарылқау ет. Оны кешір,  
мейіріміңе бөлей гөр, шын мәнісінде, Сен уәдене  
беріксің, әрі әділеттілік танытуда шеберсің.

Адамзат қуат алар ақ сүтінен,  
Мәпелеп әлдилеген пейілің кең,  
Аналық махаббатың – кәусар бұлақ,  
Сөнбейтін ақ жүрегің – мәңгі шырақ.

*Айгүл Нұргалиева*

## МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ .....	3
Үрпақ тарату.....	8

### АСЫЛ АНА ЖОЛЫМЕН

#### *Жанаргүл Қадірова*

Аллаһқа мадақ .....	12
---------------------	----

#### *Балғынбек Имашев*

Мұхаммед – Аллаһтың елшісі .....	14
----------------------------------	----

#### *Гүлнәр Шамишева*

Саған болсын бар жақсылық .....	17
---------------------------------	----

#### *Жүсін Баласагұн*

Қазақ халқының Мұхаммед (с.ғ.с.)	18
----------------------------------	----

пайғамбар жайлы жыр жолдары .....	18
-----------------------------------	----

#### *Бабалар сөзі*

Пайғамбарға шапағат.....	19
--------------------------	----

#### *Жұматай Оспанұлы*

Жұмадан қалма .....	20
---------------------	----

#### *Саят Қамышыгер*

Бақыт .....	22
-------------	----

#### *Нұрбек Сейілхан*

Ақсуат .....	23
--------------	----

#### *Нұртай Ерназар*

Ажал – Ақырет қақпасы .....	24
-----------------------------	----

#### *Мелия Божанов*

Тұыстарға .....	26
-----------------	----

#### *Құлмұхамбет қажы*

Жаны жайсаң жан еді .....	27
---------------------------	----

#### *Балапан қажы*

Біздің жазушы апамыз .....	29
----------------------------	----

#### *Әлия Жорабекқызы*

Батагей апа .....	31
-------------------	----

#### *Нұрболат қажы*

Үрпағы үлгі тұтар асыл ана .....	35
----------------------------------	----

#### *Мақсат Әубәкіров*

<b>Әулие Ырғызбай ата туралы .....</b>	<b>36</b>
<b><i>Құдаги Рабига ана</i></b>	
Сыйлы ана еді .....	39
<b><i>Қазима Қабышқызы</i></b>	
Тұысшыл, турашыл еді .....	40

## ЖАНЫМНЫҢ ЖАУҺАР ЖЫРЛАРЫ

Ассалаумағалейкум, мұсылмандар қауымы .....	42
Мұхаммед салаат .....	43
Аллаһқа жалбарыну .....	44
Әлінарам – Аллаһтың қасиетті үйі .....	45
Қажы имам балама .....	47
Имам Құлмұханбет қажы .....	48
Апасының қажы баласы Нұрболатқа .....	49
Діни бата .....	50
Әулие Ырғызбай ата туралы .....	51
Туған жер сағынышы .....	52
Бабаларға арнау .....	53
Ананы еске алу .....	54
Баланың анаға деген сағынышы .....	56
Өлеңім .....	58
Қасиет .....	59
Ақыл білген, нақыл біледі .....	60
Ұрпактарға арнау .....	61
Жастарға арнау .....	63
Көңіл сәулесі .....	64
Кәрілік.....	65
Қарттарға.....	66
Шопанға арнау .....	67
Ерлі-зайыптыларға .....	68
От басының тілегі .....	69
Үлкендерге бата .....	70
Жігіттерге бата .....	71
Қызыма бата .....	73
Немереге бата .....	74
От басына арналған бата .....	75
Жолға шықсаң .....	78

Келген келінгे бата .....	77
Туған балаға бата .....	79
Уақыт .....	81
Өмірдің мәні.	
<i>Ұлы даналардың айтқан сөздері</i> .....	89
Пенделерге .....	92
Анама.....	93
<b><i>Айгүл нұргалиева</i></b>	
Жаратқан Иеге .....	94

## **КҮЛДЭН МҰҚАНҚЫЗЫ**

### **ӨМІР ІЗДЕРІ**

*Құрастырып баспаға дайындаған  
Мұқанова Бақыт Нұрқашқызы*

Редакторы – Н. Байтуған  
Корректоры – Ф. Баубекқызы  
Дизайнері – М. Ерназарова

Теруге 12. 08. 15 тапсырылды. Басуға 15. 09. 15. қол  
қойылды. Қаріп түрі Times New Roman. Қалыбы 84/108/32.  
Көлемі 10 баспа табақ.  
Таралымы 250 дана.  
Кітап «Теларна» баспаханасында басылды.

Баспахананың мекенжайы: 050018, Алматы қаласы,  
Семиречинская көшесі 9а.

Тел: (8-72-7) -290-83-54; моб: 8-777-212-36-03;  
Индекс: 050018;



